

Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы N 1154 Қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 1 5 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

Еуразия экономикалық қоғамдастығының шеңберінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің (бұдан әрі - кеден одағына қатысушы мемлекеттер) бірыңғай кеден аумағында кедендік төлемдерді есептеу мен төлеу тәртібі туралы уағдаластықтарға қол ж е т к і з у м а қ с а т ы н д а ,

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шарттың ережелерін негізге ала отырып,

ә к е т у к е д е н д і к б а ж ы ;
к е д е н д і к а л ы м д а р ;

салықтар.

4-бап

Кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар, кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда кедендік баждар мен салықтарды салуға жатады .

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда кедендік баждар төленбейді.

Кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда және кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамаларында белгіленген жағдайларда салықтар төленбейді.

5-бап

Тауарлардың түріне қарай кедендік баждарды және кедендік баждардың қабылданған ставкаларын есептеу мақсаты үшін тауарлардың кедендік құны және (немесе) олардың заттай мәніндегі (мөлшері, массасы, көлемі немесе өзге сипаттар) физикалық (көлемді) сипаттамасы база болып табылады.

Салықтарды есептеу мақсаты үшін база кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

6-бап

Кедендік төлемдер төлеу жөніндегі міндеттердің туындау мен тоқтау сәті кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында айқындалады.

7-бап

Кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарына сәйкес кедендік төлемдер төлеу бойынша міндеттер жүктелген декларант және (немесе) өзге тұлғалар кедендік төлемдерді төлеушілер болып табылады.

8-бап

Кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарында айқындалған жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдерді төлеушілер өз бетімен есептейді.

Төлеуге жататын кедендік төлемдер сомасын есептеу кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасында жүзеге асырылады.

Егер кедендік төлемдерді есептеу мақсаты үшін, оның ішінде тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін шетелдік валютаны қайта есептеуді жүргізу талап етілсе, кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес кедендік декларацияны қабылдаған күні қолданыстағы валюта бағамы қолданылады.

9-бап

Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу мақсаты үшін кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік декларацияны қабылдаған күні қолданыстағы ставкалар қолданылады.

Әкелінетін кедендік баждарды есептеу мақсаты үшін Кеден одағының бірыңғай кедендік тарифіне сәйкес ставкалар қолданылады.

Әкетілетін кедендік баждарды есептеу мақсаты үшін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарын ескере отырып, кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленген ставкалар қолданылады.

Салықтарды есептеу мақсаты үшін кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленген ставкалар қолданылады.

Кедендік алымдарды есептеу мақсаты үшін, егер кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленген ставкалар қолданылады.

10-бап

Кедендік төлемдерді төлеу мерзімі кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарында айқындалады.

Кедендік төлемдер кеден одағында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасында

т ө л е н е д і .

Кедендік төлемдерді төлеу нысандары кеден одағына қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалады.

11-бап

Кедендік баждар мен салықтарды төлеу мерзімін өзгерту кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу нысанында жүргізіледі.

Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеуді ұсынудың негізі мен шарттары кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес айқындалады.

12-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі, ал келісімге қол жетпеген жағдайда кез келген мүдделі Тараптың бастамасы бойынша дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына беріледі.

13-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2008 жылғы "___" _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа дана да жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы депозитарийдің функцияларын Кеден одағы комиссиясына бергенге дейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарийде сақталады.

Депозитарий әрбір Тарапқа осы Келісімнің куәландырылған көшірмесі жіберіледі.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасының

Республикасының

Федерациясының

Үкіметі

Үкіметі

Үкіметі

үшін

үшін

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК